





# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР  
ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ

АҚТӨБЕ, 2024 ж.

Бұл жинаққа танымал өнертанушы, қолөнер шебері **Дәркембай Шоқпарұлы**,  
өнертанушы ғалымдар Дәулет Дәркембайұлы, Әйгерім Еспенова, Данияр  
Байдаралының тері өңдеудің эволюциясы, тарихы мен тәжірибесі, бүгінгі таңдағы  
нақты қолданысы жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары жинақталды.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ. - Алматы: Zialy baspasy, 2024. - 400 б.

ISBN 978-601-7357-26-9

Бұл кітап қазақ халқының қолданбалы өнердегі ірі саласының бірі – тері өңдеу өнері-  
не арналған. Сонау көне заманнан бері Алтай мен Атырау арасын мекен еткен, бірінен  
кейін бірі алмасып отырған дала өркениеттері тері өңдеудің эволюциясын қалай бастан  
өткергені туралы мол мағлұмат жинақталған. Қазіргі таңда тері өңдеу қандай модерни-  
зациядан өтіп жатқанынан да хабар беретін инновациялық жаңалықтар хақында да білу-  
ге болады.

ISBN 978-601-7357-26-9

© Zialy baspasy, 2024

МАЗМҰНЫ

|                                                                    |            |
|--------------------------------------------------------------------|------------|
| АЛҒЫСӨЗ .....                                                      | 4          |
| ПІКІРЛЕР .....                                                     | 6          |
| <b>1. ТАРАУ</b>                                                    |            |
| <b>ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨНДЕУДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ .....</b>     | <b>8</b>   |
| 1.1. ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ .....                         | 10         |
| 1.2. ТЕРІ ӨНДЕУДІҢ ТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ .....                        | 58         |
| 1.3. МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ ТӘСІЛДЕРІ .....              | 94         |
| 1.4. ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН КӨНЕ БҰЙЫМДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ .....               | 122        |
| 1.5. ТОРСЫҚ ЖАСАУДЫҢ ҮЛГІСІ .....                                  | 144        |
| 1.6 ТЕРІ ӨНДЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ШЕШІМДЕР .....                        | 156        |
| <b>2. ТАРАУ</b>                                                    |            |
| <b>ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР .....</b>                             | <b>174</b> |
| 2.1. ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРДЫҢ АТАУЫ .....                      | 176        |
| 2.2. КӨННЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР .....                                | 182        |
| 2.3. ҚАЙЫСТАН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР .....                              | 210        |
| 2.4. БЫЛҒАРЫДАН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР .....                            | 264        |
| 2.5. ИЛЕНГЕН ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР .....                       | 296        |
| 2.6.ТЕРІ ӨНДЕУГЕ ҚАЖЕТ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР .....                       | 302        |
| <b>3. ТАРАУ</b>                                                    |            |
| <b>ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ .....</b>           | <b>310</b> |
| 3.1. ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІНДЕГІ СУРЕТШІ-ШЕБЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ..... | 312        |
| 3.2. ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН ЗАМАНАУИ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР .....              | 336        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>                                             | <b>388</b> |
| <b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР .....</b>                            | <b>392</b> |
| <b>Пайдаланған әдебиеттер .....</b>                                | <b>399</b> |

Бүгінгі күнде әлеуметтік жағдайлар өзгеріп, мәдениет пен ақпараттық қатынастар күшейіп, өнер тек рухани сұраныс болудан қалып, ол тауар ретінде де қолданыла бастаған кезде, оған деген сұраныс арта түсті. Сонымен қатар, сұранысқа қарай жеке адамдардың немесе белгілі бір ортаның талабына сай өнер өзгеріске ұшырап, өнерді бағалау өлшеміміз бейнелеу өнерімен шектеліп жатқан жоқ. Дәстүрлі өнерге деген көзқарас та өзгерді, оған себеп, дәстүрлі өнерге бейнелеу өнері өз әсерін тигізді. Себебі, ендігі жерге дәстүрлі қазақ өнері заман талабына сай пішінін, негізгі атқаратын функциясын өзгертіп, әсемдік тұрғысынан дами бастады. Қолөнермен ертеден ауыл-ауылдағы шеберлер айналысатын болса, енді оқып білім алған арнайы «маман» айналысады. Бұл қолөнердің көркемдік сапасының жоғарылауының алғышартына айналып отыр. Дегенмен, бейнелеу өнері мен қолөнерін шатастыруға болмайды. Біз қолөнердің әлем байлығын, тарихи халықтық шығармашылық, дүниетанымдық, тарихи, ұлттық мәдениетінің ұмытпауымыз керек. Ондағы пішін, түстік түзілімі тұрақты мазмұнға немесе терең мәнге ие.

Соңғы жылдары ою-өрнек өнері, ағаш өңдеу, зергерлік өнер, тері өңдеу және тағы да басқа қолөнердің қай саласы болмасын өз алдына өзгеше композиция құрап, жеке өнер шығармасы ретінде ұсынылып жүр. Ондағы бояу түстері мен пішіні өзгеріп, кескіндемеге немесе графикаға, мүсінге ұқсас үлгілері де көрініс табуда. Аталмыш зерттеу жұмысында біз қолөнердің негізгі салаларының бірі тері өңдеу өнерінің заманауи үлгідегі осындай өзгерістерін айтпақпыз. Тері өңдеу өнері де қолөнердің басқа салалары сияқты терең мазмұнға ие. Қазақ халқының тарихы мен өнері көшпелі өркениетпен тығыз байланысты.

Дегенмен қолөнердің, соның ішінде тері өңдеу өнерінің өзіндік заңдылықтары бар. Оның ауқымы кең, тұтастық пен бірлік, әсемдік пен ыңғайлылық бір-біріне сай үйлесімді шешімін тапқан. Сонымен қатар оның даму тарихында уақыт өлшемінің де алатын орны үлкен. Уақыт алға озған сайын белгілі бір шығарма көркемдік тұрғысынан дамып, бастапқы атқарған функциясы өзгеріп жатады.

«Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері» атты ғылыми жинақта осы саланы зерттеп жүрген, осы салаға айтарлықтай еңбегі сіңген қолөнершілердің еңбектерін біріктірдік. Бірінші тарауға Дәулет Дәркембайұлы, Әйгерім Еспенова, Данияр Байдаралы атты өнертанушы ғалымдардың тері өңдеудің алғышарты, тарихы, түрлі технологиясы, оның ішінде Моңғолия қазақтарының да көздің қарашығындай сақтап келе жатқан технологиялары туралы мақалаларды топтадық. Екінші

тарауға тері өңдеу өнерін қайта тірілтіп, үздіксіз жаңғыртумен болған, заманауи өнер саласына кіріктірген, осы салаға ширек ғасыр мандай терін төгіп, еңбегін сіңірген өнертанушы, ғалым зерттеуші, майталман қолөнерші Дәркембай Шоқпарұлының зерттеулерін ұсындық. Үшінші тарауға заманауи суретшілердің теріні қолдана отырып жасаған өнер туындылары хақында соны ақпараттарды бердік. Бұл тарауға Дәулет Дәркембайұлы, Әйгерім Еспенованың еңбектерін жинақтадық.

Заман ағымына сай шеберлер түрлі ізденістер жасап, тері өңдеу өнерін бұрмалап, әр қырынан көрсете білді. Бірақ, әрбір ізденіс тері өңдеу өнерінің тарихына, бастапқы үлгісін қайта әкеледі. Себебі, қазақтың өнері – қазақтың қанына сіңген өнер. Өзіндік болмысын айшықтап тұрады. Шеберлер жаңа дүние іздеу мақсатында жұмыс жасап, өздерінің тарихи үлгіге қайта айналып келгенін түсінбей қалуы мүмкін. Бірақ, ол әршығарманың бір бөлшегінде көрініс табуы ықтимал. Осы арқылы қазақ қолөнерінің дәстүрі мен жаңғыруы бір-бірімен тығыз байланысты екенін аңғарсақ болады. Әр халықты өзге ұлттан ерекшелеп тұратыны төл өнері: дәстүрлі қолөнер – солардың бірі және бірегейі екені анық.

Тері өңдеу өнері ертеден дамып келе жатқан, қазақ халқының ұлттық қолөнерінде жетекші орын алатын өнер түрі. Тері өңдеу өнері туралы көптеген өнер зерттеушілері өз пікірлерін қарастырып, еңбектерінде қалдырып кеткен. Соңғы жылдары тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде көптеген зерттеушілер мен тарихшы ғалымдар еліміздің дәстүрлі мәдениеті мен өнерін зерттеп келеді. Отан тарихына, көне кезеңнен бергі дамыған өнер жолы туралы көптеген пікірлер айтылып жүргені белгілі. Солардың бірі әрі бірегейі Дәркембай Шоқпарұлы. Оның тері өңдеу өнеріне арнаған бірнеше монографиялары бар. Сол зерттеу жұмыстарының арқасында бүгінгі жас ұрпақ қазақтың тері өңдеу өнері туралы мол мағлұмат ала алады. Өзі шебер болғандықтан Дәркембай Шоқпарұлы осы салаға бар өмірін арнады. Өзі теріні өңдей жүріп, оның сан салалы эволюциясы жөнінде көптеген еңбектер жинақтады. Қазіргі таңда осы саланы зерттеуге ден қойып жүрген жас зерттеушілер де баршылық. Бұл қуантатын тенденция. Себебі, қазақ халқы төрт түлік малды асырап, бағып, солардың шикізатын тұтына отырып, тіл ұстартып, тіл байлығын көпсітіп отырған. Яғни, қазақтар көбіне көп көшпелі өмір салтында қажетті дүниелерді алыстан іздемеген, бәрін өз қолымен жасауды білген шебер халық. Бүгінгі ізбасарлар, мұрагерлер сол бай мирасты, құнды қазынаны заманауи лепке сай дамытуды көздеп отыр.

«ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ»  
АТТЫ ҒЫЛЫМИ КІТАПҚА

ПІКІР

«Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері» атты ғылыми еңбек Қазақстанның дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерінің бір саласы теріні көркемдеп өңдеу туралы толыққанды басы бүтін шығарма деп есептеймін. Мұнда тері өңдеудің ежелгі қазақ даласында бастау алғалы бері оның көркемдік бейнесі, даму тарихы, теріден жасалынатын көне бұйымдардың түрлері, технологиялары қарастырылған. Сонымен қатар, теріні өңдеу жолдары оның көн, қайыс, былғары және иленген теріден жасалатын бұйымдарға жеке-жеке тоқталып өткен. Кітаптың бір ерекшелігі тек тарихи тұрғыдан ғана емес, мәдениеттану, өнертану, этнография және философиялық тұрғыдан жан-жақты пән аралық зерттеу болуымен ерекшеленді.

Кітаптың иллюстрациялық қоры жоғарғы деңгейде жасақталып, қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнерінің көркемдік шешімі анық көрініс тапқан. Тері ата-бабамыздан жалғасын тауып кележатқан ұлттық қолөнеріміздің бір бөлшегі, оның заманауи көнісін жасап жүрген суретші шеберлердің де шығармашылығы қалыс қалмай, кітапта өнертанушылық талдауларымен кірістірілген.

Мазмұны жүйелі құрылып, кіріспе, негізгі бөлім және жалпы тұжырымдалған қорытындысы берілген. Қазақ халқының ұлттық қолөнерінде үлкен тарих жатқанын қолөнерің бір түрі тері өңдеу арқылы айшықтап, ұлттық қолөнердің басқа елдерден айырмашылығы өзіндік мәдениеті мен талғамында, көркемдік ерекшеліктері мен терең философиялық мән-мағынасында екені баяндалады.

Ел бірлігі, еліміздің айнасы – ұлттық өнеріміз. Соның ішінде ұлттық қолөнер әр кезеңде сұранысқа ие болып келеді. Қазіргі таңда ұлттық брендтің негізі де осы қолөнеріміз. Сол ерекшеліктерімізді сақтай отырып, заман талабына сай жаңа формалар қалыптастыруда осындай ғылыми кітаптардың жарыққа шығуы өте маңызды деп есептеймін және қолдаймын.

«Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері» атты ғылыми кітапты баспаға ұсынамын және болашақта бұл еңбектің жалғасы болуы керек деп есептеймін.

*Диляра Сафарғалиевна Шарипова –  
Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
«Бейнелеу өнері» бөлімінің меңгерушісі,  
өнертану кандидаты, доцент*

«ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ»  
АТТЫ ҒЫЛЫМИ КІТАПҚА

ПІКІР

«Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері» атты кітап - қазақ халқының бай мәдени мұрасының бір бөлігі болып саналатын тері өңдеу өнерінің тарихын ерте дәуірден бастап бүгінгі заманға дейінгі кезеңдерін терең зерттеген ғылыми-этнографиялық еңбек. Бұл кітапта сонымен қатар, Моңғолия қазақтарының да қолданған тері өңдеудің ежелгі дәстүрлері, олардың даму тарихы мен ерекшеліктері сипатталған. Қазақ қолөнершілерінің тері бұйымдарын жасау тәжірибесі мен технологиялары тарихи және этнографиялық деректер арқылы егжей-тегжейлі баяндалады.

Кітапта тек тері өңдеу тәсілдері ғана емес, сонымен қатар бұл өнердің рухани және мәдени маңызы да көрсетілген. Терімен жұмыс істеудің әрбір қыры, оның ішінде құрал-саймандар, табиғи және жасанды бояулары, әдістер мен сән-деу элементтері терең қарастырылған.

Аталмыш еңбекте тері өңдеу өнерімен айналысатын отандық қолөнершілер мен суретшілердің ұлттық және заманауи тәсілдерді қолдана отыра жасаған өнер туындылары жайында сөз қозғалады. Олар қазіргі замандағы тері өңдеу өнерінің жалғасын көрсетіп қана қоймай, дәстүр мен заманауи қолөнер түрлеріндегі дизайнның үйлесімін де ашады. Бұл шеберлердің жұмыстары арқылы оқырман қазақ қолөнерінің тереңдігін және оның жаңа қырларын тани алады.

Бұл еңбекті қолөнер шеберлеріне, өнертанушыларға, зерттеушілерге жалпы теріні көркемдеп өңдеу өнеріне қызығушылық танытушы жас мамандарға көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Кітап қазақ қолөнерінің тарихын оқырман қауымға кеңінен насихаттайды.

*Ләйлә Әбдіғаниқызы Кенжебаева –  
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның  
аға оқытушысы, өнертанушы,  
Мәдениет саласының үздігі*